

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 873 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 маусым N 972. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.04. N 1698 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 873 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін: аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ғылым

министрлігі - Ғылым академиясы (Ғылыммині - Ғылым академиясы) туралы ережеде:

9-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары - вице-министрі болады";

11-тармақтың үшінші абзацы "ғылым министрлігі" деген сөздердің алдынан "өз орынбасарының" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі